

ӘОЖ 502.21

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Мұрат Арайлым Мұратқызы

araylym_murat@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті «Журналистика» мамандығының 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Ш. Әшірбекова

Қазіргі таңда тұтастай елге, қоғамға, бөлек азаматтарға әсерін тигізетін оқиғалар әлемде орын алып жатыр. Өзгерістердің қарқындылығы қолда бар құрылымдарды қаншалықты жедел әрі тиімді түрлендіруге болатынымен, қолданыстағы тәсілдерді күрделенген дүниелерге сай етіп қалай пайдаланатынымен де байланысты. Ең басты мәселелердің бірі – қарым-қатынасты реттейтін, түрлі хабарды тарататын қоғамға беймәлім құралдар мен технологиялардың өскелең ұрпақ арасында жылдам тарап кетуі. Мұндай құралдарды тиімді пайдаланатын қабілеттерге мектеп қабырғасында ие бола алмаймыз, атадан балаға мұра ретінде қалмайтыны белгілі. Тосыннан келген жаумен жаңа заманның ағымына ілесіп күрескен жөн. Бұл – ең басты құрал. Тосыннан келген жауға ақпараттық соғысты да жатқыза аламыз. Жалған ақпаратпен күрес, мың түрлі ақпаратты сүзгіден өткізу де – жаңа заманның, жаңа қоғам мүшелерінің бір дағдысы екені баршаға мәлім.

Медиа және ақпараттық сауаттылық соңғы он жылдықта ғылыми талқылаулардың басты объектісіне айналғаны мәлім. Алайда бұл пәннің негізгі құрылымы, мазмұны, қабілеттері, мәні туралы нақты бір түсінік қалыптаспаған, ал бұл түсінікті дамыту – заман талабы. Бұл және бұдан да бөлек мәселелер күн тәртібіне қойылып, сарапшы мамандардың талқылауына да түскені белгілі. Көбінесе көтеріліп отырған мәселенің практикалық маңыздылығы басым. Өйткені медиа және ақпараттық сауаттылық тек теория жүзінде оның қызметі, пәні, құрылымы мен мазмұнын меңгеріп қою емес. Сол теориялық білімді тәжірибеде қолданып, фейк ақпараттармен күресіп, ақпараттық соғысты болдырмаудың тәсілдерін іздеумен байланысты. Мамандардың айтуынша, ақпарат және білім – стратегиялық маңызы бар ресурстар[1]. Тарихқа көз жүгіртсек, өзгелерден бұрын алынған шынайы ақпарат Ротшильдтарға биржада ұтымды ойынды жүргізуге мүмкіндік берген еді. Тап сол сәтте белгілі неміс банкирі Натан Ротшильд аңызға айналған афоризмды айтқан еді:

«Кім ақпаратты иеленесе, сол әлемді иеленеді» [2]. Бұл сөздердің растығына, дәлілділігіне бүгін де көз жеткізіп келеміз.

Яғни, бір ақпаратты шыр айналдырып, түрлендіріп, адамды жанылыстыруға болады. Бір ақпаратты қоғамның санасына сіңіріп, қоғам арасында бүлік шығаруға болады. Жалған ақпаратты таратып, қоғам мүшелерінің арасында үрей туғызып, билікке наразы халықтың іс-әрекетін бақылауға болады. Ал, осындай жайттарды болдырмас үшін ғылымның көмекке келетіні белгілі. Жаңа әлемнің ғалымдары бұл мәселенің оңай шешілу жолын да ұсынды – медиа және ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру, дамыту, тәжірибеде пайдалану.

Ақпараттық сауаттылық пен медиабілім деген ұғымдар көп жылдар бойы бір біріне қарама қарсы дамып отырды. Мамандар да өз беттерінше қай ұғымның алғаш болып қолданыла бастағаны туралы да талқылаулар жүргізді. Бірінші пайда болған не? Медиа ма әлде ақпарат па? Ақпаратты тарату арналары ма әлде контент пе? Әлбетте, бұл екі ұғымның да өзара бірігіп, жүйелі түрде дамығаны дұрыс. Өйткені екі ұғым бір бірін толықтырады, сол арқылы қоғамды сауатты етуге септігін тигізеді. Адамдар, қоғам, тұтастай мемлекет ақпараттық қоғамның артықшылықтарын пайдалану үшін медиа және ақпараттық сауаттылықты дамытудың маңыздылығы зор.

Беделді медиапедагогтардың және медиатеоретиктердің бірегейі Л.Мастерман (L.Masterman) қазіргі әлемдегі медиа педагогиканың маңыздылығын айқындайтын жеті себепті негіздеп берді:

- Медианы тұтынудың жоғары деңгейі және қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі.
- Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы.
- Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі.
- Негізгі демократиялық процестерге медианың ену интенсивтілігі.
- Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы.
- Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды, студенттерді оқытудың қажеттілігі.
- Ақпаратты жекешелендіруде ұлттық және халықаралық процестердің ұлғаюы[3].

Қазіргі қоғамда жекелей алып қарағанда әрбір адам үшін медиасауатты болудың маңызы зор. Медиасауаттылық ақпарат алудың сенімді жолын таңдай білуге, мәдениеттегі медианың рөлін анықтауға, түрлі медиаплатформалар арасында бұқаралық коммуникация құралдарының әсерін түсінуге жауапты болуға мүмкіндік береді.

Онковичтің пайымдауынша, медиасауаттылық тек адамның медиа мәдениетінің деңгейін өсірмейді, жалпы мәдениет деңгейін өсіреді. Өйткені медиасауаттылық медиабілімнің басты концепциясы болып саналады, медиа құралдарды, медиа деректерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді[4].

Медиасауаттылық ұғымымен ақпараттық сауаттылық тығыз байланысты. Сауаттылықтың бұл түрі туралы сөз қозғағанда адамның ақпаратқа деген қажеттілігін анықтау қабілетін, оны тиімді іздеу, бағалау және пайдалану қабілетін білдіреді. Ақпараттық сауаттылыққа ие адам ақпаратты сараптау дағдысына ие болады. Ал, бұл дағды шешім қабылдаған кезде көмектесетіні белгілі. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты тиімді іздеуге, талдауға мүмкіндік береді, тапқан мәліметті сүзгіден өткізіп, талдауға жол ашады, ақпараттың сенімділігіне және нақтылығына көз жеткізеткізеді[5].

Медиа және ақпараттық сауаттылықпен күресудің қажеттілігі туралы сөз қозғайтын болсақ, ең алдымен, ойымызға фейктер, яғни жалған ақпараттар келеді. Жалған ақпараттың таралуы – қоғамда дүрбелең туғызып, ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екенін аңғара алмайтын жағдайға жеткізеді. Фейк деген ұғымның өзі бірнеше жыл бұрын пайда болды деп ойласақ, қателесеміз. Өйткені тамыры тереңде жатыр. Тек бұрынғы заманда оның атауы мүлдем басқаша болған – миф немесе шындыққа жанаспайтын ақпарат.

1835 жылы Нью-Йорктағы The Sun газеті ағылшын астрономы Джон Гершель Айдашыны аралдарында мекендейтін қанаты бар адам-тышқандардың, егеуқұйрықтардың, единорогтардың өркениеті жайлағанын анықтығаны туралы бірнеше материалдарды жариялайды. Сол мезеттен бастап газеттің тиражы бірнеше есе өсіп, пайдасы көбейіп, халық арасында тез тарап кетеді. Бірнеше апта бойы резонанс тудырған газеттің өзектілігі өшпей келеді. Алайда New York Herald бұл жаңалықтың шындыққа шанаспайтыны туралы дәлелдемелер келтіріп мақала жариялайды. The Sun бұл ақпаратқа қарсы ақпарат жарияламаған. Сондай-ақ The Sun газетін белгілі жазушы Эдгар Аллан По плагиатқа айыптаған. Ол газетте айтылған дүниелер мен өзінің «Необыкновенное приключение некоего Ганса Пфааля» әңгімесімен ұқсастық табады. Міне, осындай жалған ақпараттың құрбанына айналмас үшін қоғамды медиасауатты ету аса маңызды. Жалпы фейк жаңалық ағылшын тілінен аударғанда әлеуметтік желілерде немесе БАҚта әдейі жарияланған жалған ақпарат деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді 2016 жылы АҚШтағы президенттік кампания кезінде көп қолданып, танымалдылыққа ие болады. Ал, 2007 жылы Collins сөздігінің нұсқасы бойыншы жыл сөзі номинациясын да иеленеді[6].

Кейде жалған ақпараттың таралуы адамдардың өліміне алып келуі мүмкін. Дәл осындай қайғылы жағдай 2018 жылдың қараша айында Мексикада тараған еді. Whatsapp және Facebook әлеуметтік желілерінде тараған хабардың кесірінен Рикардо мен Альберто Флорестер көз жұмған еді. Жоғарыда айтылған әлеуметтік желілерде олардың балаларды ұрлау мен адамның органдарын сатуға қатысы бар деген хабарламалар тарай бастаған. Осы мәліметке ашынған халық Флорестердің үйін қоршап алып, ер адамдарды соққыға жығып, өртеп жіберген. Алайда ол кезде балалардың ұрланғаны немесе органдардың сатылуы туралы мәлімет құзырлы органдарға келіп түспеген, қайтыс болған ер адамдардың да еш кінәсі жоқ еді. Дәл осындай факілер Индия, Мьянма және Шри-Ланкада орын алған еді. Бұл – адамдардың жалған ақпараттың құрбаны болып, мәліметтің шынайылығына көз жеткізбеулерінің салдары, ақпараттық сауаттылық деңгейінің төмен болуы[6].

Міне, осы мысалдардың өзі-ақ біздің қоғамда жалған ақпараттың ықпалы зор екенін көрсетеді. Фейктердің құрбаны болмас үшін арнайы алгоритм арқылы ақпараттың шынайы немесе жалған екенін білу керек. Ең алдымен мақаланы таратқан адамның кім екенін анықтаған жөн. Одан кейін ақпаратты өздері ойлап тапты ма әлде белгілі бір дереккөзге сүйенді ме анықтаған жөн. Дереккөзді табу аса маңызды. Өкілетті құзырлы органдардың таратқан жаңалығы – сенімді дереккөз екенін естен шығармаған дұрыс.

Ал, әлеуметтік желілерде тарайтын хабарлаға тиімді ақпараттық қарсылық жасауды қамтамасыз ету үшін екі бағыт бойынша жұмыс жүргізген тиімді:

- Дереккөзді табу мен анықтау, ақпараттық шабуылдың даму жолдарын табу, бұл үшін техникалық-бағдарламалық және ақпараттық технологияларды қолдану

- Ақпараттық шабуылға қарсылық білдіруді ұйымдастыру, слактивистерге кері ақпарат толқынын жіберу арқылы әсер ету. Бұл ресми түсіндірме парақтары, мәлімдемелер, провакцияға жол бермеу туралы хабарламалар болуы мүмкін.

Біздің елде бұл әдіс тәсілдердің ең тиімдісі ретінде түсіндірме парақтары мен мәлімдемелерді мысалға келтірсек болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Медиа и информационная грамотность в современном обществе [Электронды ресурс]. – URL : <http://www.unkniga.ru/biblioteki/bibdelo/1586-media-inform-gramotnost-v-sovremennom-obschestve.html> (қаралған күні: 25.03.2021 жыл).

2. Натан Майер Ротшильд [Электронды ресурс]. – URL : <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%BE%D1%82%D1%88%D0%B8%D0%BB%D1%8C%D0%B4,%D0%9D%D0%B0%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%9C%D0%B0%D0%B9%D0%B5%D1%80> (қаралған күні: 03.03.2021 жыл).

3. Штурхецкий С. Медиаграмотность: учебное пособие для вузов по медиа и информационной грамотности. IREX Europe, 2018.-151с.

4. Онкович, Г. В. Медіаосвіта як інтелек-туально-комунікативна мережа // Вища освіта України. – 2008. – № 3. – Д. 1. – 212 с. – С. 130–137.

5. Информационная культура, информационная грамотность и компьютерная компетентность [Электронды ресурс]. – URL : <http://www.ifap.ru/projects/infolit.htm> (қаралған күні: 18.03.2021 жыл).

6. Зачем нужна медиаграмотность? [Электронды ресурс]. – URL: <https://oyla.xyz/article/zacem-nuzna-mediagramotnost> (қаралған күні: 15.03.2021 жыл).